



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
2014 жылғы 10 шілдедегі
№51 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І

**Мемлекет басшысы Н. Назарбаев
Ұлттық Банк Төрағасы Қ. Келімбетовті қабылдады**

2014 жылғы 10 шілде

Алматы

Бүгін Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев өзінің Алматылық резиденциясында ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Қ.Н. Келімбетовті қабылдады.

Мемлекет басшысы негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің және валюта нарығындағы ахуалдың тұрақтылығын қамтамасыз ету қажеттілігін атап өтті, сондай-ақ әлемдік қаржы нарықтарындағы орын алған ахуалға орай жүйелік тәуекелдерге талдау жүргізуге баса назар аударды.

Қ. Келімбетов Президентке ағымдағы экономикалық жағдай және ҚР Ұлттық Банкі жүргізіп отырған ақша-кредит саясаты туралы баяндап берді.

Ұлттық Банк басшысы атап өткендей, 2014 жылғы 1-тоқсанда ІЖӨ нақты өсуі 3,8% болды (2013 жылы – 6,0%-ға өсті). Ағымдағы операциялар шотының профициті 6,3 млрд. АҚШ доллары болды (2013 ж. I-тоқ. – 2,2 млрд. АҚШ доллары).

2013 жылғы I-тоқсанмен салыстырғанда тауарлар экспорты 10,8 %-ға өсіп, 22,7 млрд. АҚШ долларын құрады, ал тауарлар импорты 14,6%-ға төмендеп, 8,7 млрд. АҚШ доллары болды. Сауда балансының профициті 14 млрд. АҚШ долларын құрады.

2014 жылғы мамырдың аяғындағы жағдай бойынша ҚР Ұлттық қорының активтері 2013 жылдың аяғымен салыстырғанда (70,8 млрд. АҚШ доллары) 7,1%-ға ұлғайып, 75,8 млрд. АҚШ доллары болды. Алдын ала деректер бойынша ағымдағы жылғы 8 шілдеде Ұлттық қордың мөлшері шамамен 77 млрд. АҚШ долларын құрады.

2013 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда, банк секторының жиынтық активтері 2014 жылғы I маусымдағы жағдай бойынша 14,9%-ға ұлғайып, 16 999,0 млрд. теңге болды. Халықтың банктердегі салымдары 2014 жылғы қаңтар-мамырда 8,4%-ға өсіп, 4277,4 млрд. теңгені құрады.

Кездесу қорытындылары бойынша Мемлекет басшысы қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету және экономиканың даму қарқындарын сақтау жөнінде бірқатар тапсырмалар берді.

*Барынша толығырақ ақпаратты мынадай телефондар бойынша алуға болады:
+7 (727) 2 704 639, E-mail: press@nationalbank.kz (www.nationalbank.kz)*